

А.Б. Мейркулова¹
Гүржу Ердамар²
Шабан Четин³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
^{2,3}Гази университеті, Анкара, Түркия
(E-mail: a.b.meirkulova@gmail.com, gurcu.erdamar@gmail.com, cetin09@gmail.com)

Мұғалімнің кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласын қазақ тіліне бейімдеу

Аңдатпа. Бұл зерттеудің мақсаты Четин (Çetin) тарапынан әзіленген түрік тіліндегі «Мұғалімнің кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласы» атты шкаланы қазақ тіліне бейімдеу болып табылады. Шкаланың түпнұсқасынан қазақ тіліне аударылуы Түркияда білім алып жүрген және түрік тілін С1/В2 деңгейінде меңгерген 13 докторант және ғылыми қызметкерлер тарапынан жүзеге асырылды. Шкаланы қазақ тіліне бейімдеу барысында, шкаланы түпнұсқадан басқа тілге бейімдеуде жиі қолданылатын дәстүрлі тәсіл қолданылды. Зерттеу жұмысы аясында жалпы саны 280 студенттен алынған мәліметтер бойынша зерттеуші және растаушы факторлық талдау жасалды. Зерттеуші факторлық талдау нәтижесінде шкаланың екі факторлы құрылым екені анықталды. Шкаланың Кронбах Альфа коэффициенті 0,91'і құрайды. Растайтын факторлық талдау нәтижесінде модельдің сәйкес келу мәндері RMSEA=.068; $\chi^2/df=2.3$; SRMR=.067; NFI=.94; NNFI=.96; IFI=.97; CFI=.97; RFI=93; GFI=.85; AGFI=.82 ретінде анықталды. Зерттеу нәтижесінде болашақ мамандардық мұғалімдік кәсіпке деген қатынасын анықтауға болатын 2 факторлы 25 элементтен тұратын жарамды және сенімді шкала жасалды. Шкаланың қазақ тіліне бейімделген формасы, Қазақстанда білім алатын болашақ мұғалімдердің өз кәсібіне деген қатынасын анықтау үшін және Түркиямен салыстырмалы зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылады деп күтілуде.

Түйінді сөздер: қатынас шкаласы, мұғалім кәсібіне деген қатынас шкаласы, қазақ тіліне бейімделген шкала, зерттеуші факторлық талдау, растаушы факторлық талдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-256-263>

Түсті: 10.05.21 / Жарияланымға рұқсат етілді: 5.06.21

Кіріспе

Мұғалім кәсібін іске асыратын болашақ мамандардың өз кәсібін тиімді іске асырудың маңызды шарттарының бірі, олардың кәсібіне деген қатынасының оң яки жағымды болуы. Кағытчыбашы және Жемалжыладың пікірінше, қатынас, бұл жеке адамға тән және оның объект туралы ойы, сезімі мен мінез-құлқын қалыптастыратын үрдіс [1]. Булут болса, қа-

тынасты тұлғаның белгілі бір адамға, топқа, объекті немесе оқиғаға қатысты жағымды немесе жағымсыз ойлауына, сезінуіне немесе әрекет етуіне негіз болатын тұрақты үрдіс деп анықтаған болатын [2]. Ал, Ажзен, психологиялық объектілердің жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз деп бағалалуын қатынас арқылы білдіруге болатынын атап өтті [3]. Айкеннің пікірі де осыған ұқсас бола келе, қатынас, белгілі бір объектіге, жағдайға, меке-

меге немесе адамға оң немесе теріс жауапты қамтамасыз ететін бейімділіктерден тұрады деп айтылған [4].

Аталып өткен анықтамаларға сәйкес, Фишбеин, қатынастың адамдардың мінез-құлқын болжаудың маңызды факторларының бірі болғандығын атап, кәсіпке деген көзқарас оң болған кезде, адамның өз кәсібіндегі жетістіктері жоғары деңгейде болуы, ал теріс қатынаста керісінше, кәсібінде сәтсіздікке алып келетінін алға қойды [5]. Бұл дегеніміз, жеке тұлғаның бір кәсіптің иесі болуда олардың таңдаған кәсібіне деген қатынасы маңызды рөл атқаратындығын білдіреді.

Негізгі бөлім

Бұл зерттеудің мақсаты; Четин (Çetin) тарапынан әзірленген «Мұғалім кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласын» қазақ тіліне бейімдеу болып табылады. Түркияда мұғалімнің және болашақ мамандардың кәсібіне қатынасын өлшейтін шкала әзірленуі және шкаланың шынайылық және жарамдылық жұмыстарына қатысты көптеген зерттеулер жүргізілген. Алайда Қазақстанда болашақ мамандардың өз мамандығына, кәсібіне деген қатынасын өлшейтін зерттеу жұмысы және шкаланы әзірлеу немесе бейімдеу жұмыстары мүлдем

кездеспейді. Тақырыбына қатысты зерттеу болған жағдайда да, олар тек сапалық зерттеулер екені анықталды. Бұл да ұсынылған зерттеудің маңыздылығын айқындап, зерттеудің өзектілігін көрсетуде.

Зерттеудің әдістемесі

Бұл зерттеу жұмысы Четин тарапынан әзіленген түрік тіліндегі «Мұғалімнің кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласы» атты шкаланы қазақ тіліне бейімдеуге бағытталған. Шкаланың түпнұсқасы 3 фактордан және 35 шкала элементтерінен тұрады. Шкаланың түпнұсқасынан қазақ тіліне бейімделуінен бұрын қажетті рұқсаттар автор Шабан Четиннен алынды.

Қатысушылар

Қазақ тіліне бейімделген шкала 2019-2020 оқу жылында Қазақстанның екі ұлттық университетінде педагогикалық мамандықтар бойынша білім алып жүрген барлық курс студенттеріне қолданылды. Қатысушылар туралы демографиялық ақпарат төменде Кесте-1 түрінде берілген.

Кесте көрсетілгендей шкалаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық универси-

Кесте 1

Қатысушылар туралы демографиялық сипаттама

Демографиялық айнымалылар	Ерекшеліктері	F	%
Жыныс	Қыз	274	97.9
	Ұл	6	2.1
Университет	Абай атындағы ҚазҰПУ	183	65.4
	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	97	34.6
Бөлім	Әлеуметтік педагогика және өзі-өзі тану	138	49.3
	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	98	35.0
	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	35	12.5
	Педагогика және психология	9	3.2
Курс	1.курс	111	39.6
	2.курс	52	18.6
	3.курс	100	35.7
	4.курс	17	6.1

теттерінің 183 және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 97 студенті, жалпы саны 280 қатысушы жауап берді. Қатысушылар «Әлеуметтік педагогика және өзі-өзі тану», «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Педагогика және психология» мамандықтарының 1, 2, 3 және 4 курс студенттері.

Мәліметтерді жинау құралы

Зерттеу мәліметтері Четин тарапынан әзірлеген «Мұғалімнің кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласын» қазақ тіліне бейімдеу арқылы жиналды. Шкаланың түпнұсқасы 3 фактордан және 35 элементінен тұрады және олардың 15-і теріс, ал 20-сы оң мағыналы пікірлер болды. Бұл зерттеу үшін бес деңгейлі Лайкерт типіндегі шкала қолданылды. Шкалаға қатынастың дәрежесін анықтайтын «толықтай келісемін», «келісемін», «келісемін де, келіспеймін де», «келіспеймін», «мүлдем келіспеймін» опциялар қарастырылды, соған қарай сәйкесінше «5, 4, 3, 2, 1» балдарымен бағаланды. Шкалаға жауап беру барысында алуға болатын ең төменгі балл - 35, ал ең жоғары балл – 175 болды. Ең жоғарғы 119 баллдан жоғары – жағымды қатынастың көрсеткіші; 92-119 баллдар арасы - бейтараптықтың; 92 баллдан төмендер жағымсыз қатынас ретінде қарастырылды. Шкаланың түпнұсқасы «сүйіспеншілік», «құндылық» және «үйлесімділік» деген үш фактордан тұрды [6].

Аталған шкаланың түпнұсқасынан қазақ тіліне бейімделуінде, шкаланы түпнұсқадан басқа тілге бейімдеуде жиі қолданылатын дәстүрлі әдіс қолданылды [7]. Шкаланың аудармасы Түркияда білім алып жүрген және түрік тілін С1/В2 деңгейінде меңгерген жалпы саны 13 докторант және ғылыми қызметкерлер тарапынан жүзеге асырылды. Шкаланы бейімдеу келесідей 5 кезеңдерден тұрды. Олар,

1. Бастапқы аударма (түрік тілінен қазақ тіліне);
2. Бастапқы аударманы талдау;
3. Қайта аудару (қазақ тілінен түрік тіліне);

4. Қайта аударуды талдау;
5. Сарапшы пікірі.

Түрік тілін академиялық деңгейде білетін 10 докторант шкаланы түрік тілінен қазақ тіліне аударды, ал 3 ғылыми қызметкер бастапқы аударманы бағалап, сұрақтардың түсінікті және ұйқас екендігіне шолу жасады. Келесі кезеңде аударлған қазақ тіліндегі аударма қайта түрік тіліне аударылы және ғылыми қызметкерлер тарапынан қайта аударылған форма талқылды. Бұл тұста қайта аударылған формасы, шкаланың түрнұсқасының формасына сәйкес келуі күтіледі. Шкаланы бейімдеудің соңғы кезеңде сарапшылар пікіріне ұсынылды. Сарапшылардың талқылауы барысында шкаланың лингвистикалық эквиваленттілігі дұрыс және түпнұсқаның мағыналық мазмұнын жан-жақты берілгендігі ескерілді.

Мәліметтерді талдау

Қатынас шкаласының дұрыстығы мен сенімділігін талдау үшін SPSS 22.0 және LISREL 8.80 пакеттік бағдарламалары пайдаланылды. Шкаланың құрылымының жарамдылығына қатысты зерттеуші факторлық талдау (EFA) және растайтын факторлық талдау (CFA) жүргізілді. Шкаланың сенімділігіне қатысты Кронбах Альфа коэффициенті, яғни шкала құрамына кіретін айнымалалар арасындағы корреляцияның орташа мәнін анықтаудағы жалпы дисперсия және ішкі жүйелілікті анықтаудағы шкаланың әр өлшемі үшін ішкі дисперсиясы есептелді. Бұл талдаулардан басқа, шкаланың сенімділік-сәйкестілік коэффициенті Спирмен-Браунның коэффициентімен есептелді [8].

Мәліметтердің факторлық талдауға сәйкестігін анықтау үшін Кайзер-Мейер Олкин (КМО) коэффициенті және Бартлеттің сфералық тесті, ал зерттеушілік факторларды талдау үшін варимакс ортогональды айналу әдісі қолданылды. Фактор құрылымының расталғанын немесе расталмағандығын анықтау үшін растайтын факторлық талдау жүргізілді.

Зерттеуші факторлық талдау (EFA). Зерттеуші факторлық талдау нәтижесінде КМО статистикалық мәні 0.92-ке ($>0,5$), ал Бартлеттің сфералық тестінің мәні $X^2=3581,096$ -ге ($p<.001$)

тең. Факторларды талдауға арналған КМО минималды мәні 0.60 құрайды және Бартлеттің сфералық тесттің мәні, талдау мәндерінің қолайлы екендігіне жеткілікті дәлелдер келтірді [9].

Факторлық жүктеме мәнін анықтауға арналған орташа мән 0.45 және одан жоғары болуы керек. Факторлық талдау барысында бұл мәнді негізге ала отырып, факторлық жүктеме мәндерін анықтау кезінде, көрсетілген мәннен төмен мәндер есепке алынған жоқ. Талдау барысында анықталған ең төмен жүктеме мәні 0.511 екені ескерілсе, бұл жүктеме мәні өте жақсы болып саналады [10].

Фактор санын анықтауда варимакс ортогональды айналу әдісі қолданылды. Нәтижесінде мәні 1-ден жоғары 2 фактор анықталды.

Талдаудан кейін анықталған критерийлер шеңберінде шкаладан 10 элемент алынып тасталды, нәтижесінде шкалада «сүйіспеншілік» және «құндылық» атты 2 фактор және 25 шкаланың элементі қалды. Зерттеуші факторлық талдауының нәтижелері бойынша 2 факторлы 25 элементтің ішкі өлшемдерге, факторлық жүктемеге, факторлардың дисперсиясы мен жалпы дисперсиялық мәндері Кесте 2 түрінде көрсетілген.

Кесте 2

Факторлардың дисперсиясы мен жалпы дисперсия мәндері

Элементтің реттік нөмірі	жүктеме мәндері Фактор I	жүктеме мәндері Фактор II
1	,742	
2	,728	
3	,723	
4	,709	
5	,708	
6	,688	
7	,686	
8	,660	
9	,628	
10	,621	
11	,595	
12	,564	
13	,531	

14	,531	
15	,526	
16	,513	
17	,511	
I. фактор дисперсиясы 27,648		
18		,846
19		,834
20		,826
21		,824
22		,819
23		,796
24		,774
25		,615
II фактор дисперсиясы 21,431		
Жалпы дисперсия 49,079		

Кестеде көрсетілгендей, екі фактордың жалпы дисперсиясын түсіндіру коэффициенті 49,08% құрады және бұл факторлық сапаның жақсы көрсеткіші. Бірінші фактор дисперсиясы 27,648 %, ал екіншісі фактор дисперсиясы 21,431 % көрсеткіш көрсетеді.

Растайтын факторлық талдау (CFA). Растайтын факторлық талдау нәтижесінде модельдің сәйкес келу шамалары RMSEA=.068; $\chi^2/df=2.3$; SRMR=.067; NFI=.94; NNFI=.96; IFI=.97; CFI=.97; RFI=.93; GFI=.85; AGFI=.82'ге тең болды. Шкаланың GFI және AGFI индексінің шамалы төмен болуы себебін таңдау өлшемінің аздығымен түсіндіруге болады. Бұл индекстер таңдау өлшеміне әсер ететін сәйкестік индексі болып табылады. Яғни неғұрлым таңдау өлшемі көп болса, сәйкестік индексі де жоғары нәтиже береді. Растайтын факторлық талдау нәтижесінде шыққан мәндерді зерттеген әдебиеттерге шолу жасалғанда, алынған мәндер қолайлы және қабылдауға болады деп айтылған [11].

Сенімділікті зерттеу. Шкаланың сенімділігін анықтау үшін ішкі консистенцияны талдау қолданылды. Ішкі консистенция (Кронбах альфа) коэффициенті бүкіл шкала мен оның ішкі өлшемдері яғни факторлар бойынша бөлек есептелді. Шкала элементтерінің әрқайсысы үшін тесттің жалпы корреляциясы зерттелді. Шкала бойынша сенімділікті талдау нәтижелері Кесте 3-те берілген.

Кесте 3

Нәтижелер және қорытынды

Шкала сенімділігін талдау нәтижелері

Элементтің реттік нөмірі	Элементтің жалпы корреляциясы	Кронбах альфа ішкі тұрақтылық коэффициенті
Фактор I		,91
1	,608	
2	,546	
3	,570	
4	,619	
5	,532	
6	,610	
7	,676	
8	,580	
9	,487	
10	,558	
11	,524	
12	,501	
13	,470	
14	,399	
15	,545	
16	,409	
17	,369	
Фактор II		,92
18	,436	
19	,524	
20	,475	
21	,387	
22	,529	
23	,404	
24	,395	
25	,437	
Жалпы шкала		,91

Кесте байқалғандай Кронбах альфа ішкі консистенциясы коэффициенттері бірінші фактор үшін 0.91, екінші фактор үшін 0.92, ал жалпы шкала үшін 0,91-ға тең мәндерге ие болды. Шкаланың ішкі консистенция коэффициенті (Спирмен-Браун) 0,65, шкаланың әр тармағы үшін есептелген жалпы корреляциялық мәндер 0,36-0,67 аралығында болады.

Бұл зерттеу Четин (Çetin) тарапынан әзірленген «Мұғалім кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласын» қазақ тіліне бейімдеуге бағытталды. Шкаланы бейімдеу зерттеуінде ауқымды қолданылатын дәстүрлі әдіс қағидалары басшылыққа алынды және бұл процестің логикалық және жүйелік тәртіпте жұмыс істеуі көзделді. Шкаланы бейімдеу жұмысы, шкаланы түпнұсқадан яғни түрік тілінен қазақ тіліне аударудан басталды. Бұл жұмыс, шкаланы бейімдеуде қолданылатын дәстүрлі әдіске сәйкес бес кезеңнен тұрды. Нәтижесінде бейімделген шкала 280 қатысушыдан тұратын топқа қолданылды және алынған мәліметтерге талдау жасалды. Шкаланың факторлық құрылымын анықтау үшін жүргізілген алғашқы EFA нәтижелері шкаланың 2 факторлы құрылымға ие екендігін көрсетті. Шкаланы бастапқы формасы 3 факторлы құрылымға ие. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижесінде алынған бұл тұжырым шкаланың бастапқы формасының факторлық құрылымы мен шкаланың қазақша нұсқасының факторлық құрылымының сәйкес келмейтіндігін, алайда түпнұсқаға жақын екенін көрсетеді. EFA нәтижесінде пайда болған факторлық құрылымды растау үшін жүргізілген CFA нәтижелері және шкала бойынша 25 элемент түрінде орындалған CFA нәтижелері, шкаланың қолайлы сәйкестікке ие екендігін көрсетті, жарамдылық индекстері (мысалы, GFI) төмен мәндергендігі анықталды. Алайда бұл таңдау өлшеміннің төмендігінмен түсіндірілді. Сонымен қатар, осы процесте сарапшылардың пікірлері де сұралды. Нәтижесінде, қазақ тіліне бейімделген «Мұғалімнің кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласы» жоғарыда көрсетілгендей 2 факторлы 25 элементтен тұратындығы анықталды. Масштабты құрайтын 2 фактор түсіндірілген жалпы дисперсия коэффициенті 49,079 % құрайды. Бүйүкөзтүрік (2007) көпфакторлы құрылымы бар шкалалардағы факторлармен түсіндірілген жалпы дисперсияның арақатынасы 40% -дан 60% -ке дейін болуы керек дейді. Тиісінше, қазақ тіліне бейімделген «Мұғалімнің кәсібіне деген қатынасын өлшеу шкаласы» үшін түсін-

дірілген жалпы дисперсияның (49,079) қолайлы деңгейі туралы айтуға болады. Шкаланың элементтерінің коэффициенттік жүктеме мәндері I факторда .51 мен .74 аралығында, II факторда .61 мен .84 аралығында өзгереді. Шкала сенімділігін тексеру үшін ішкі консистенция коэффициенті және жалпы корреляция тексерілді. Тиісінше, шкаланың ішкі консистенция коэффициенті ішкі өлшемдерде .91-ден .92-ке дейін, ал бүкіл шкала бойынша есептелген ішкі консистенция коэффициенті .91 болатындығы анықталды. Сонымен қатар, бірінші өлшеміндегі 17 элементтің жалпы корреляциясы .36 және .67 аралығында, екінші өлшеміндегі 8 элементтің жалпы корреляциясы .38 мен .52 аралығында өзгерді. Бүйүкөзтүрік .30 және одан жоғары деңгейдің жалпы корреляциясы элементтердің жоғары дискриминациялық күшке ие екендігін көрсетеді дейді. Бұл тұрғыда бейімделген шкала элементтерің жоғары дискриминациялық күші бар деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижесінде болашақ мамандардық мұғалімдік кәсіпке деген қатынасын анықтауға болатын 2 факторлы 25 элементтен тұратын жарамды және сенімді шкала жасал-

ды. Тиісті әдебиеттерді мұқият зерттегенде, Қазақстандағы болашақ мұғалімдердің өзінің кәсібіне деген қатынасын өлшейтін, анықтайтын бірде-бір шкала табылған жоқ. Бұл тұрғыда тиісті зерттеулер шеңберінде мақсатты тіл мен мәдениетке бейімделген шкала осы бағыттағы зерттеуде маңызды үлес қоса алады деп күтіледі.

Қазақ тіліне бейімделелген шкаланы жүргізу барысында студенттердің мұғалімдік мамандықты таңдау себебі және не үшін мұғалім болғысы келмейтіндігі туралы сұрақтар да қойылды. Осыған сәйкес студенттердің 47%-ы гратқа ие болғандықтан ғана мұғалімдік кәсіпті таңдағандықтарын, 66,8%-ы бітірген кезде мұғалім болғысы келетіндігін және 46,4%-ы қайтадан емтихан тапсырған жағдайда мұғалімдік мамандықты қайта таңдағысы келетіндігін туралы мәліметтерге қол жеткізілді. Осыған сәйкес қазақ тіліне бейімделген шкала, Қазақстанда білім алатын болашақ мұғалімдердің өз кәсібіне деген қатынасын анықтау тұрғысынан, болашақты осы бағытта зерттеу жасайтын жұмыстар үшін мәлімет жинау құралы ретін де қолданылу да мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Kağıtçıbaşı Ç., Cemalcılar Z. Dünden Bugüne İnsan ve İnsanlar. Sosyal Psikolojiye Giriş (18. Basım). - İstanbul: Evrim Yayınevi, 2016.
2. Bulut İ. Öğretmen adaylarının öğretmenlik meseleğine ilişkin tutumları (Gaziosmanpaşa üniversitesi örneği) // Dicle Üniversitesi Ziya Gökalp Eğitim Fakültesi Dergisi. – 2009. – Sayı 14. –S.13-24.
3. Ajzen I. Attitudes, personality, and behavior (2nd ed.). - Maidenhead, UK: Open University Press, 2005.
4. Aiken, L. R. Psychological Testing and Assessment (10th ed.). - Boston: Allyn & Bacon, 2000.
5. Ajzen D., Fishbein M. Attitude-behavior relations: A theoretical analysis and Review of empirical research. //Psychological Bulletin. – 1977. - Vol. 84 (5). – P. 888-918.
6. Çetin Ş. Öğretmenlik mesleği tutum ölçeğinin geliştirilmesi (geçerlik ve güvenirlik çalışması) // Gazi Üniversitesi Endüstriyel Sanatlar Eğitim Fakültesi Dergisi. -2006. –Vol.18. - P.28-37
7. Haңçer, M. (2003). Ölçeklerin yazım dilinden başka bir dile çevirileri ve kullanılan değişik yaklaşımlar. //Balıkesir Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. – Vol. 6(10). -P.47-61.
8. DeVellis, R. F. Scale Development: Theory and Applications (2nd ed.) Thousand Oaks, CA: Sage Publications, 2003.
9. Field, A. Discovering Statistics Using IBM SPSS Statistics: 4th Edition. -London: SAGE Publications Ltd., 2013.
10. Hooper, D., Coughlan, J., & Mullen, M. R. (2008). Structural Equation Modelling: Guidelines for Determining Model Fit. //The Electronic Journal of Business Research Methods. –Vol.6. – P.53-60.
11. Büyüöztürk Ş. Veri Analizi el Kitabı. (8 Baskı). - Ankara: Pegem Yayıncılık, 2007.

A. Meirkulova¹, Gurcu Erdamar², Şaban Çetin³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

^{2,3}Gazi University, Ankara, Turkey

Adapting of the Attitude Scale Towards Teaching Profession to Kazakh Language

Abstract. The aim of this study is the adaptation of the attitude scale towards teaching profession developed by Çetin (2006) to Kazakh language. The translation of the scale from the original into Kazakh was carried out by 13 doctoral students and researchers studying in Turkey, who are proficient in Turkish at levels C1 / B2. There was used a traditional method of adapting the scale from original to foreign language to adapt the scale from Turkish to Kazakh language. As part of the study, a confirmatory factor analysis was performed on data from a total of 280 students. Exploratory and confirmatory factor analysis was performed on the data obtained from 280 students. As a result of exploratory factor analysis, it was observed that the scale has a two-factor structure. The Cronbach Alpha coefficient of the scale is 0.91. Conformity values of the model as a result of the confirming factor analysis RMSEA=.068; $\chi^2/df=2.3$; SRMR=.067; NFI=.94; NNFI=.96; IFI=.97; CFI=.97; RFI=.93; GFI=.85; AGFI=.82. As a result of the study, a valid and reliable scale consisting of 25 items with 2 factors can be used to determine the attitude of future professionals to the teaching profession.

It is expected that the Kazakh-language version of the scale will be used to determine the attitudes of future teachers studying in Kazakhstan to their profession and to conduct comparative research with Turkey.

Keywords: attitude scale, attitude to the teaching profession, scale adapted to the Kazakh language, research factor analysis, confirmatory factor analysis.

А.Б. Мейркулова¹, Гуржу Ердмар², Шабан Четин³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

^{2,3}Университет Гази, Анкара, Турция

Адаптация шкалы отношения к педагогической профессии на казахский язык

Аннотация. Целью данного исследования является адаптация шкалы отношения к педагогической профессии, разработанной Четином (2006), на казахский язык. Перевод шкалы с оригинала на казахский язык был выполнен 13 докторантами и исследователями, обучающимися в Турции и свободно владеющими турецким языком на уровне C1/B2. Для адаптации шкалы был использован традиционный подход, который часто используется в адаптации шкалы от оригинала к другому языку. В рамках исследования был проведен исследовательский и подтверждающий факторный анализ данных, полученных от 280 студентов. В результате исследовательского факторного анализа было установлено, что шкала имеет двухфакторную структуру. Коэффициент Кронбаха Альфа шкалы равен 0,91. Значения соответствия модели по результатам подтверждающего факторного анализа равны RMSEA=.068; $\chi^2/df=2.3$; SRMR=.067; NFI=.94; NNFI=.96; IFI=.97; CFI=.97; RFI=.93; GFI=.85; AGFI=.82. В результате исследования была разработана валидная и надежная шкала из 25 элементов с 2 факторами, по которым можно определить отношение будущих профессионалов к профессии учителя. Ожидается, что казахоязычная версия шкалы будет использована для определения отношения будущих учителей и обучающихся в Казахстане к своей профессии и для проведения сравнительного исследования с Турцией.

Ключевые слова: шкала отношения, отношение к профессии учителя, адаптация шкалы на казахский язык, исследовательский факторный анализ, подтверждающий факторный анализ.

References

1. Kağıtçıbaşı Ç., Cemalcılar Z. Dünden Bugüne İnsan ve İnsanlar. Sosyal Psikolojiye Giriş [Man and People from Past to Present. Introduction to Social Psychology] (18th ed.) (Evrım Yayınevi, İstanbul, 2016).

2. Bulut İ. Öğretmen adaylarının öğretmenlik mesleğine ilişkin tutumları [Attitudes of teacher candidates towards teaching profession], Gaziosmanpaşa üniversitesi örneği Gaziosmanpasha University example (Dicle Üniversitesi Ziya Gökalp Eğitim Fakültesi Dergisi, 14, 13-24 (2009).
3. Ajzen I. Attitudes, personality, and behavior (2nd ed.). (Open University Press, Maidenhead, UK, 2005).
4. Aiken, L. R. Psychological Testing and Assessment (10th ed.). (Allyn & Bacon, Boston, 2000).
5. Ajzen D., Fishbein M. Attitude-behavior relations: A theoretical analysis and review of empirical research, Psychological Bulletin, 84 (5), 888-918 (1977).
6. Çetin Ş. Öğretmenlik mesleği tutum ölçeğinin geliştirilmesi (geçerlik ve güvenirlik çalışması) [Developing the teaching profession attitude scale (validity and reliability study)] (Gazi Üniversitesi Endüstriyel Sanatlar Eğitim Fakültesi Dergisi, 18, 28-37 (2006).
7. Hançer, M. Ölçeklerin yazım dilinden başka bir dile çevirileri ve kullanılan değişik yaklaşımlar [Translations of scales from written language to another language and different approaches used], Balıkesir Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 6(10), 47-61 (2003).
8. DeVellis, R. F. Scale Development: Theory and Applications (2nd ed.) (Sage Publications, Thousand Oaks, CA, 2003).
9. Field, A. Discovering Statistics Using IBM SPSS Statistics: 4th Edition (SAGE Publications Ltd., London, 2013).
10. Hooper, D., Coughlan, J., & Mullen, M. R. Structural Equation Modelling: Guidelines for Determining Model Fit, The Electronic Journal of Business Research Methods, 6, 53-60 (2008).
11. Büyüöztürk Ş. Veri analizi el kitabı (8 Baskı) [Data Analysis handbook] (Pegem Yayıncılık, Ankara, 2007).

Авторлар туралы мәлімет:

Мейркулова А.Б. – корреспонденция үшін автор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының аға оқытушысы, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Гүржу Ердамар – PhD, Гази университетінің профессоры, Анкара, Түркия.

Шабан Четин – PhD, Гази университетінің профессоры, Анкара, Түркия.

Meirkulova A.B. – Corresponding author, Senior Lecturer of the Department of Social Pedagogy and Self-Cognition, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Gurcu Erdamar – Ph.D, Professor of the Gazi University, Ankara, Turkey.

Saban Cetin – Ph.D, Professor of the Gazi University, Ankara, Turkey.